

**«Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасы жеке мекемесінің Қамқоршылық кеңестің
отырысы**

Хаттама №1

Өткізілген уақыты: 12.09.2024ж

Өткізілген орны: «Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасы ЖМ

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмысымен танысу.
2. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрайымы, орынбасары, жауапты хатшы)
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру және бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгеруші **С.Д.Жумабекова** сөз алды: Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстарына тоқталды. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелгенін айтып, таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің нұсқауымен және кейбір тарауларын оқып таныстырды.

Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді: жергілікті, өкілдік, атқарушы және хұқық қорғау органдарының өкілдері; жұмыс берушілер және әлеуметтік әріптестердің өкілдері;

Комерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса); ата-аналар комитеті ұсынған параллель топтан, білім беру ұйымында білім алушының бір ата-анасы немесе заңды өкілі; қайырымдылық жасаушылар (бар болса). Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір бірімен және сол білім беру ұйымының басшысы мен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде 5 адамнан құралады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілетті мерзімі 3 жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Күн тәртібінің **2 мәселе** бойынша кеңес мүшелері бір ауыздан:

1. **Қалдыкулова Гаухар** – Қамқоршылық кеңес төрайымы
2. **Жаппашева Сандуғаш** – Қамқоршылық кеңес орынбасары
3. **Жаманкулова Шынар** – Қамқоршылық кеңес мүшесіне
4. **Маханова Салтанат** – Қамқоршылық кеңес мүшесіне
5. **Қасымбекова Айгерім** – Қамқоршылық кеңес хатшысына сайлады.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық төрайымы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті.


Жұмыс жоспары бекітілді.

Қаулы:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа алып, жұмыс жасасын.

2.Қамқоршылық кеңесі тағайындалған жаңа құрамымен өз жұмыстарын алға қойып, қамқоршылық жұмыстарының жандануына атсалыссын.

Кеңес төрайымы:



Қалдыкулова Гаухар

Хатшы:



Қасымбекова Айгерім

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №2

Желтоқсан айы

Қатысқандар саны-6

Күн тәртібінде:

1. Аз қамтамасыз етілген отбасылар, қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, тәрбиешілермен бірлескен жұмыс.
2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу. Жағдайы төмен отбасылардың балаларына жаңа жылдық сыйлықтар әзірлеуге ықпал ету.

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі С.Д.Жумабекова сөз алып бүгінгі отырыстың күн тәртібімен таныстырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақшадағы тәрбиеленушілердің әлеуметтік статусы туралы, әлеуметтік жағдайы төмен 4 бала анықталды. Көп балалы отбасы 93 отбасы балалары тәрбиеленуде.

Пікір айтушылар: «Қамқоршылық кеңес» төрайымы Қалдыкулова Гаухар өз сөзінде біз осы ұйымның қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланғандықтан алдағы уақытта осы балабақшада қандайда бір көмегімізді көрсетуіміз керек.

Сөз сөйлеушілер: Жаманкулова Шынар –кеңес мүшесі біздер сіздердің жұмыстарыңызды жақсы орындалуы үшін қолдан келген көмекті беретінін айтып сөзін аяқтады.

Қаулы: Қамқоршылық кеңес мүшелерінің аз қамтамасыз етілген отбасылардың алдағы жаңа жыл мерекесіне арналған сыйлықтарға демеушілер табу.

Тыңдалды: екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Тастанова Дина сөз алып жаңа жыл мерекесін көңілді әрі қызықты етіп өтуіне анимациялық шоу көрсетіп, кішкентай бүлдіршіндердің сүйікті кейіпкерлерін мерекеге шақырып қызықты ертеңгілік өткізуге ұсыныс айтты.

Сөз сөйлеушілер: Жаппашева Сандуғаш өз отбасының атынан аз қамтамасыз етілген отбасының балаларына жаңа жылдық тәттілер әзірлейтінін айтты.

Қаулы:

1. Жаңа жылдық шыршаны өткізу үшін демеушілік еткен ата-аналарға балабақша атынан «Алғыс хатпен» марапатталсын.
2. Көпбалалы отбасынан шыққан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар берілсін.

Жиналыс төрайымы:

Г.Қалдыкулова

Хатшы:

А.Қасымбекова